

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 25 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ) жарғылық капиталына берілген объектілер орналасқан жер учаскелерін "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың жарғылық капиталына беруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелеріне құқықты куәландыратын құжаттарды ресімдеуді және құнын бағалауды жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың жарғылық капиталына берілген объектілер орналасқан жер учаскелерінің бағалану құнына "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ жарғылық капиталының ұлғайтылуы жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі